



Орта, негізгі білім беру ұйымдарының басшыларына!

*Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу
және қауіпсіздікті күшейту туралы*

Жамбыл облысы Полиция департаментінің ұсыныс-хатына сәйкес (2026 жылғы 14 сәуірдегі оқиға бойынша), мектептегі оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ШҰҒЫЛ түрде келесі шараларды орындауды тапсырамын:

Бақылауды күшейту. Спорт залдары, киім ауыстыратын бөлмелер, дәліздер мен мектеп ауласындағы «көрінбейтін» тұстарға мұғалімдер мен кезекшілердің тұрақты қадағалауын орнату, үзіліс кезіндегі педагогтардың кезекшілік кестесін қайта қарап, бекіту және оның қатаң сақталуын бақылауды, мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтар «тәуекел тобындағы» оқушылармен жеке жұмысты жандандырып, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу дағдыларын үйрету сабақтарын өткізуді, оқушылардың бос уақытын бақылау және мектеп тәртібін сақтау бойынша ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді, оқушылар арасында зорлық-зомбылыққа қарсы іс-шаралар мен құқықтық сауаттылық сағаттарын ұйымдастыруды, мектептегі бейнебақылау камераларының жұмыс істеуін тексеруді соқыр нүктелерді (камера түспейтін жерлерді) анықтап, қауіпсіздікті арттыру.

Осы тапсырмалардың орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы жағдайында тиісті құзырлы органдар тарапынан жауапты тұлғаларға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-1 және 409-баптарына сәйкес жауапкершілік қаралатынын ескертемін.

Т.Рысқұлов ауданының білім
бөлімі басшысының м.а

Б.Самылтыров

Орындаған: А.Базарқулова
2-14-10